

Ашық халықтық қоғамның акцияларын сатып алу туралы хабарлау тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1998 жылғы 3 қараша N 187 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 650. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 23 қазандағы N 361 қаулысымен (V032560).

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 29-бабының 4-ші және 5-тармақтарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Ашық халықтық акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін жеке немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп соңғы он екі ай ішінде немесе бірден сатып алған тұлға (бұдан әрі "Инвестор" деп аталады) Ұлттық комиссияға және осы акциялардың бағасын кесетін, сауда-саттық ұйымдастырушыға осындай акцияларды сатып алу жөніндегі соңғы мәміле тіркелген күннен бастап жеті күн ішінде осы Қаулының 1-қосымшасындағы үлгі бойынша бұл туралы ақпарат беруге міндетті екендігі белгіленсін.

2. Инвестордың жазбаша ескертпенің 9, 10-тармақтарындағы және 12-тармақтың 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтері тиісті бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімінен үзінді-көшірмелермен расталу керек екендігі белгіленсін.

3. Монополияға қарсы заңдарды сақтауға бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы субъектілерін Инвестордан алынған ақпаратпен бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабар жариялау не осы мақсат үшін Ұлттық комиссияның таңдаған өзге де тәсілі арқылы таныстыруға Ұлттық комиссияның құқылы екендігі белгіленсін.

4. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а ғ а л ы

қ а ғ а з д а р

ж ө н і н д е г і

ұ л т т ы қ

к о м и с с и я с ы

Д и р е к т о р а т ы н ы ң

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

3

қ а р а ш а д а ғы

№

1 8 7

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б а ғ а л ы

қ а ғ а з д а р

ж ө н і н д е г і

ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н а

К ө ш і р м е с і :

(б а ғ а л ы

қ а ғ а з д а р м е н

с а у д а - с а т т ы қ т ы

ұ й ы м д а с т ы р у ш ы н ы ң

а т а у ы) < 1 >

<1> Осы ақпарат бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушыға ашық халықтық акционерлік қоғам акцияларының бес және одан да көп проценті соңғы он екі ай ішінде сатып алынған жағдайда беріледі.

Акциялардың ірі пакетін сатып алу туралы

Ақпарат

Мен(біз) осымен, мына мекен-жайда (қоғамның орналасқан жері) орналасқан (қоғамның атауы)<2> (бұдан әрі "Қоғам" деп аталады) ашық халықтық акционерлік қоғамының дауыс беретін акцияларының _____ (сатып алынған шығарылған дауыс беретін акцияларының үлесі процентпен, үтірден кейін екі белгімен)<3> процентін соңғы он екі ай ішінде/бірден (қажетсізін сызып тастау керек) өзім/аффилиирленген тұлғалармен бірлесіп (қажетсізін сызып тастау керек) сатып алғандығымды (алғанымызды) ескертемін(міз). _____

— — —

<2> Қоғамның атауы және орналасқан жері туралы мәліметтер қоғамның акцияларын ұстаушылары тізілімінен жасалған көшірмеге немесе қоғамның акцияларын нақтылы ұстаушыдағы шоттан жасалған көшірмеге сәйкес көрсетіледі.

<3> Дауыс беретін шығарылған акциялардың жалпы санынан сатып алынған акциялардың үлесі туралы мәліметті қоғамның тізілім ұстаушысынан алынуы немесе нақтылануы мүмкін.

Өзім(міз) туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын(мыз):

1. Хабарлаушының аты (атауы) <4>.

Жеке тұлға - хабарлаушының оның жеке өзін куәландыратын құжатқа сәйкес аты немесе заңды тұлға - хабарлаушының оны Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін) немесе хабарлаушыны заңды тұлға ретінде тіркеу туралы құжатқа (шетелдік заңды тұлғалар үшін) сәйкес атауы. _____

<4> Шетелдік тұлғалар және азаматтығы жоқ тұлғалар (ТМД-ға мүше елдердің азаматтары және заңды тұлғалары туралы мәліметтерді Қоспағанда) туралы мәліметтер латын әріптерімен толтырылады.

2. Хабарлаушының қатыстылығы.

Жеке тұлға - хабарлаушының азаматтығы (азаматтығын немесе азаматтығы жоқ екендігін көрсету) немесе заңды тұлға - хабарлаушыны заңды тұлға ретінде тіркелген ел.

3. Заңды тұлға - хабарлаушының ұйымдық-құқықтық нысаны.

4. Хабарлаушының тіркелу мәліметтері.

Жеке тұлға - хабарлаушының жеке өзін куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган немесе заңды тұлға - хабарлаушыны Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін) немесе хабарлаушыны заңды тұлға ретінде тіркеу туралы құжаттың (шетелдік заңды тұлғалар үшін) нөмірі, берілген күні және берген орган.

5. Хабарлаушының тұрған жері (орналасқан жері) <5>.

Жеке тұлға - хабарлаушының тұрған жері немесе заңды тұлға - хабарлаушының оны Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес немесе осындай мәліметтер болмаған кезде статистикалық карточкаға сәйкес (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін) немесе хабарлаушыны заңды тұлға ретінде тіркеу туралы құжатқа сәйкес (шетелдік заңды тұлғалар үшін) тіркеліп орналасқан жері. _____

<5> Бұл жерде және 6-тармақта: шетелдік тұлғалар және азаматтығы жоқ тұлғалар (ТМД-ға мүше елдердің азаматтары және заңды тұлғалары туралы мәліметтерді қоспағанда) туралы мәліметтер латын әріптерімен толтырылады.

6. Хабарлаушының нақты мекен-жайы.

Шетелдік жеке тұлға - хабарлаушы үшін: Қазақстан Республикасында тұрған (келген) жері; заңды тұлға - хабарлаушы үшін: пошталық индексін көрсете отырып, оның атқарушы органының орналасқан жері.

7. Хабарлаушының коммуникациялық реквизиттері.

Хабарлаушының телефондарының, факстерінің, телетайптарының нөмірлері, электрондық поштасының мекен-жайы және халықаралық және қалааралық

байланыс кодтарын көрсете отырып хабарлаушының басқа да ықтимал коммуникациялық реквизиттері. Шетелдік тұлға - хабарлаушы үшін: автоматтандырылған қалааралық байланыс кодын көрсете отырып, Қазақстан Республикасындағы ықтимал байланыс телефондарының және факстерінің н ө м і р л е р і .

8. Заңды тұлға - хабарлаушының оған негізгі кіріс келтіретін қызмет түрлерінің тізбесі.

9. Қоғамның қызметіне ұқсас қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының шығарылған дауыс беретін акцияларының (қатысушылардың салымдарының) жалпы санының хабарлаушыға меншіктеу құқығымен тиесілі және хабарлаушының басқаруындағы <6> дауыс беретін акциялардың үлесі (процентпен, үтірден кейін екі белгімен).

<6> Бұл жерде және одан әрі акциялар бойынша дауыс құқығын немесе "алтын акция" бойынша veto құқығын келісімнің немесе сенімхаттың негізінде пайдалану акциялар басқару деп танылады.

10. Қоғамның дауыс беретін акцияларының меншіктеу құқығымен хабарлаушыға тиесілі саны.

11. Қоғамның дауыс беретін акцияларының хабарлаушының басқаруындағы саны.

12. Қоғамның акцияларын бірлесіп сатып алуға ниет білдірген хабарлаушының аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер (әрбір аффилиирленген тұлға бойынша жеке-жеке):

1) хабарлаушымен аффилиирлендірілу дәрежесі (сипаттама).

Аффилиирлендірілу көзқарасы бойынша хабарлаушы мен осы тұлғаның арасындағы өзара қарым-қатынастарға қысқаша сипаттама жасау. Мысалы: "Хабарлаушының еншілес ұйымы", "Хабарлаушыға тәуелді акционерлік қоғам", "Хабарлаушының басшы қызметкері", "Хабарлаушының басшы қызметкері бақылау жасайтын заңды тұлға". Сондай-ақ "Аффилиирленген тұлға" ұғымын қолдану практикасы туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 26 қазандағы N 181 қаулысын қараңыз;

2) аффилиирленген тұлғаның аты (атауы) <7>; _____

<7> 12-тармақта көрсетілген мәліметтерді берген кезде 12, 4-7-тармақтарға түсіндірмелерді басшылыққа алған дұрыс.

3) аффилиирленген тұлғаның қатыстылығы;

4) заңды тұлға - аффилиирленген тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны;

5) аффилиирленген тұлғаның тіркелу мәліметтері;

6) аффилиирленген тұлғаның тұрған жері (орналасқан жері);

7) аффилиирленген тұлғаның нақты мекен-жайы;

8) аффилиирленген тұлғаның коммуникациялық реквизиттері;
9) Қоғамның қызметіне ұқсас қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының шығарылған дауыс беретін акцияларының (қатысушылардың салымдарының) жалпы санының аффилиирленген тұлғаға меншіктеу құқығымен тиесілі және аффилиирленген тұлғаның басқаруындағы дауыс беретін акциялардың үлесі (процентпен, үтірден кейін екі белгімен);

10) Қоғамның дауыс беретін акцияларының меншіктеу құқығымен аффилиирленген тұлғаға тиесілі саны;

11) Қоғамның дауыс беретін акцияларының аффилиирленген тұлғаның басқаруындағы саны.

13. Қоғамның акцияларын сатып алу бағасы (теңгемен).

Осы бағалар бойынша акциялардың бағалары мен саны бойынша хабарлаушының және оның аффилиирленген тұлғасының Қоғамның акцияларын сатып алу бағалары. Мысалы: 1.000,00 теңгемен - 100 дана, 1.010,00 теңгемен - 2 0 0 д а н а .

14. Қоғамның акцияларын төлеудің қолданылған тәртібі мен нысаны.

Осы бағалар бойынша акциялардың бағалары мен саны бойынша Қоғамның акцияларын төлеу үшін хабарлаушы және оның аффилиирленген тұлғасы қолданған тәсілдер мен нысандар. Мәліметтерді таблица түрінде ұсынған дұрыс.

15. Қоғамның акцияларын сатып алу үшін тартылған тұлғалардың атаулары.

Қоғамның акцияларын сатып алу үшін тартылған, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын хабарлаушыға белгілі ұйымдардың атаулары не "Акцияларды үшінші тұлғаларды тартусыз жеке өзім (өзіміз) сатып аламын (мыз)" деген жазба.

Заңды тұлға - хабарлаушы үшін:

Басшы (лауазымы) (қолы) (тегі, инициалы)
М . О .

Жеке тұлға - хабарлаушы үшін: (қолы) (тегі, инициалы)